

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР

Директорлар кеңесінің мүшелері комитеттердің жұмысына қатыса отырып, өзара байланысты функцияларды, мәселелер мен бағыттарды егжей-тегжейлі қарауға және талдауға шоғырланады. Комитеттердің отырыстары шақырылған сарапшылардың, бизнес-көшбасшылардың және өзге де мүдделі тұлғалардың қатысуымен өтеді. Комитеттер тиісті шешім қабылдау үшін Директорлар кеңесіне ұсынымдар енгізеді. Директорлар кеңесінің комитеттері атқарушы емес директорлардан тұрады, олардың көпшілігі – тәуелсіз директорлар, сондай-ақ тәуелсіз директорлар төрағалары болып табылады.

## Директорлар кеңесі комитеттерінің функциялары мен міндеттері

Комитет	Міндеттер
<b>Стратегия және қоржынды басқару жөніндегі комитет</b>	<p>Комитет Директорлар кеңесіне келесі мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеу және ұсыну арқылы көмек көрсету мақсатында іс-әрекет жасайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ даму стратегиясы мен инвестициялық саясат, оның ішінде қызметтің басым бағыттары;</li> <li>◆ ҚМГ инвестициялық тартымдылығын арттыру;</li> <li>◆ ҚМГ қаржы-шаруашылық қызметін тиісті жоспарлауды қамтамасыз ету;</li> <li>◆ ҚМГ трансформациясына мониторинг жүргізу.</li> </ul>
<b>Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет</b>	<p>Комитет Директорлар кеңесіне келесі мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеу және ұсыну арқылы көмек көрсету мақсатында іс-қимыл жасайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Директорлар кеңесі мен Басқарманың сабақтастығын жоспарлау;</li> <li>◆ Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Корпоративтік хатшының және өзге де қызметкерлердің қызметін тұрақты және объективті бағалауды қамтамасыз ету;</li> <li>◆ тиімді кадр саясатын, еңбекақы және сыйақы төлеу жүйесін, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің кәсіби дамуын қамтамасыз ету.</li> </ul>
<b>Аудит жөніндегі комитет</b>	<p>Комитет Директорлар кеңесіне келесі мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеу және ұсыну арқылы көмек көрсету мақсатында іс-қимыл жасайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ қаржы-шаруашылық қызметті бақылаудың тиімді жүйесін орнату;</li> <li>◆ ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бақылау;</li> <li>◆ сыртқы және ішкі аудит процесін бақылау;</li> <li>◆ Компанияның жылдық және тоқсандық қаржылық есебін тексеру;</li> <li>◆ комплаенстың сақталуын бақылау.</li> </ul>
<b>Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитет</b>	<p>Комитет Директорлар кеңесіне келесі мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеу және ұсыну арқылы көмек көрсету мақсатында іс-қимыл жасайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ еңбек қауіпсіздігін, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету;</li> <li>◆ стратегиялық жоспарлау мен ҚМГ әлеуметтік-экономикалық дамуына орнықты даму қағидаттарын енгізу;</li> <li>◆ жер қойнауын пайдалануға жасалған келісімшарттар шеңберінде ҚМГ әлеуметтік міндеттемелері мен бағдарламалары;</li> <li>◆ ҚМГ экологиялық тиімділігінің мониторингі.</li> </ul>